

**АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЛЕКСИКОЛОГИЯ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**
ACADEMICIAN R. SYZDYK AND PROBLEMS OF LEXICOLOGY

Нағима ҚОШАНОВА*

Түйіндеме

Р. Сыздық – сөз тарихын, сөз әсемдігін, қолданылу мәдениетін зерттеп, терең талдау жасаған ірі ғалым. Сөздің мәнін ашу, көне жазбалардағы сөздердің қалай қолданылғандығын анықтау зор жауапкершілікті, ұқыптылықты, төзімділікті қажет етеді. Ғалым осындай қиындықтарды біле тұра тіл тарихын зерттеуге бел шеше кірісті. «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)» атты еңбегінде сан ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет етіп отырған, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі сияқты ірі тілдің тұтас бес ғасырлық тарихын таныту үшін, оның белгілі бір кезеңдердегі күй-қалпын сипаттау, жеке ескерткіштердің тілін талдау, функционалдық стильдердің пайда болуын, қалыптасуын зерттеу, жеке ақын-жазушылардың үлесі мен қызметін көрсету сияқты жұмыстардан бастап, әдеби тілдің белгілері мен қызметін айқындау, даму кезеңдерін дәуірлерге бөлу, әр кезеңдегі даму принциптері мен бағыттарын саралау тәрізді көптеген мәселелерді шешуге ерекше күш жұмсады. Мақалада ғалым Р. Сыздықтың тарихи лексикология саласында еткен еңбектері қарастырылған.

Кілт сөздер: Ғалым Р. Сыздық, сөз тарихы, тіл мәдениеті, тарихи лексикология, ұлттық атаулардың мағынасы мен танымдылық сипаты.

Summary

R. Syzdyk is one of the prominent scientists who has researched and deeply analyzed the history of the word, the beauty and culture of using words. Disclosure of the essence of the word, the definition of the use of words in ancient scriptures requires attentiveness and patience. The scientist began to study the history of the word despite such difficulties. The scientist proceeded to study the history of the word despite such difficulties. In her work "The History of the Kazakh Literary Language (XV-XIX centuries)," she made enormous efforts to solve a variety of language problems, such as describing the state of the language in a certain period, analyzing the language of written monuments, exploring the formation and formation of functional styles, showing the proportion and functions personal poets and writers, elucidation of the features and functions of the literary language, periodization of the stages of development, analysis of the principles and directions of language

* Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.
Candidate of philological Sciences, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan. E-mail: n.koshanova@mail.ru

development in each period, in order to show the whole five-century history language as a Kazakh language, which has a centuries-old history, spoken by millions of people and having state status. The article deals with the works of the scientist R. Syzdyk on historical lexicology.

Key words: Scientist R. Syzdyk, word history, word culture, historical lexicology, significance of national names and cognitive character.

Тарихи лексикологияның зерттеу нысаны – төл сөздер мен кірме сөздердің шығу және қалыптасу тарихы, сөз мағынасының өзгеруі, ұлттық атаулардың мағынасы мен танымдылық сипаты. Бұл жөнінде «Сөздердің қолданылу тарихын зерттеу – сол сөздер білдіретін объектілердің (заттардың, ұғымдардың) тарихын бақылаумен байланыстырыла жүргізіледі. Бұл таным тілді иемденуші халықтың этникалық, азаматтық тарихымен ұштасады» (Сыздық, 2004: 201), - дейді ғалым Р. Сыздық. Тарихи лексикологияның зерттеу мақсаты – түркі тілі және қазақ тіліндегі төл сөздердің даму заңдылығы мен мағыналық сипатын айқындау; қазақ халқының даму тарихымен өзектес болатын рухани және материалдық мәдениетінің, әдет-ғұрып және салт-сана атауына байланысты сөздерді жүйелеу және экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың тілтанудағы ара-қатынасын пайымдау. Тарихи лексикология тілдегі қолданылатын сөздердің барлық көрінісін тарихи тұрғыда жүйелі түрде сипаттайды. Лексикология сөздік құрамның сипатын ғана емес, сөз құрылысы қатпарларының қалыптасу жүйесін қарастырады. Сөздік құрамға – төл сөздер, кірме сөздер, диалектілер, терминдер, кәсіби сөздер, т.б. еңсе, сөздік қорға тек бір буынды төл сөздер ғана енеді.

Тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатысын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді. Тарихи лексикологияның жалпы лексикологиядан басты айырмашылығы – ол тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенуінде, белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты, сол халықтың мәдениеті, дүниетанымы, салт-сана, әдет-ғұрпына т.б. экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттейді. Өйткені әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен тікелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі,

ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың мәдени, рухани өмірінің айнасы болып саналады. Тарихи лексикологияны зерттегенде екі түрлі жағдайды ескерген дұрыс. Біріншіден, ол алдына қойған мақсатына және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты іштей сараланып, тікелей өзіне қатысты мәселелерді әр қырынан қарастыратын этимология, семасиология, ономасиология, диалектология, этнолингвистика сияқты тарауларды қамтиды. Екіншіден, оның тіл білімінің осы салаларында қол жеткен табыстар мен талдау әдістерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихын (этногенезін), этнос тілінің пайда болуын (глоттогенезін), халық тілінің базистік құрылымын туыс, туыстас және басқа тілдермен болған қарым-қатынасын, әртүрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсерін т.б. тіл фактілері және оның заңдылықтары негізінде қарастырып, тұжырым айтуға мүмкіндігі мол. Көне түркі жазба нұсқалары тілінің ерте заманнан тарихи даму барысында жасалып, қалыптасқан сөздік құрамы бар. Олар бірнеше қат-қабаттардан құралады. Солардың ішіндегі ең негізгі арналардың бірі – ерте кезден бері өмір сүріп келе жатқан түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер. Ескерткіштердегі көптеген сөздердің қазіргі түркі тілдерінде кездесетіндігі, ұқсастығы жай, кездейсоқ құбылыс емес, ол тайпалар мен халықтардың генетикалық жақтарынан тығыз байланысты болуының нәтижесі. Ескерткіштер тілін қолданған ру, тайпа және халықтардың қазіргі түркі тілдерімен туыстығын көрсететін дерек болып саналады.

Ғалым Р. Сыздық қазақ тілінің тарихи лексикологиясының қысқаша очеркінде тіл қаттауларының ішінде сыртқы, экстралингвистикалық деп аталатын факторларының әсеріне ұшырағыш, өзгерімпаз тілдік сала – сөздік (лексика) саласы деп атап көрсетеді (Сыздық, 2004: 201). Тілдің өзінің табиғи даму заңдылықтарына қарай, яғни ішкі лингвистикалық өзгерісі де болатыны белгілі. Тілдің дамуына ішкі, сыртқы әсерлерін диахрондық лексикология зерттейді. Бұл өзгерістердің ішінде жиі ұшырайтыны сөз – мағынасының өзгерісі, атап айтқанда, сөздің алғашқы мағынасының ұмыт болып, не қолданыстан шығып қалуы, не жаңа ұғым атауларына айналуы, не қарама-қарсы мағыналарға ие болуы, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, көне мағынаның фразеологизмдердің құрамында сақталуы сияқты тілдік құбылыстарды зерттейтін ғылым – тарихи лексикологияның бір бөлімі тарихи семасиология.

Р. Сыздықтың қазақ тілінің тарихи лексикологиясы туралы очеркінде тарихи лексикологияның да, тарихи семасиологияның да толық курсы ұсынылмайды, мұнда қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында көне заманнан сақталып келген, бірақ бұл күнде жеке қолданылмайтын, алғашқы мағынасында қолданылмайтын сөздердің мағыналары, қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Бұндай сөздер негізінен фразеологизмдер мен қос сөздер, лексикалық тіркестердің (күрделі есімдер мен күрделі етістіктердің) құрамында қолданылатынын осы еңбегінде көрсетеді. Осы жұмыста *аты шулы, жылы-жұмсақ, өлім-жітім, жер болу, жер қылу, жек көру, сауын айту, сөз саптау, құты қашу, құтын алу* сияқты тіркестер мен қос сөздердің құрамындағы кей сөздердің мағыналарын көне түркі тілімен түсіндіреді, мысалы, *өлім-жітім* деген қос сөздің *жітім* компонентіндегі *йт* – көне түркілік етістік, «жоқ болу, жоғалу» мағынасын беретін сөз қос сөз құрамында өліп жоқ болу мағынасында жұмсалатынын өте орынды түсіндіреді. Ал *сөз саптау* тіркесіндегі *саб* сөзінің түбірін *сауын айту, жаушы* тіркесі мен сөзіндегі *сау* түбірімен шатастырған деп есептейміз, өйткені *саб* сөзі көне түркі тілінде *сөз* мағынасын береді, сонда *сөз саптау* тіркесі *сөз сөйлеу* екені белгілі болады. Ғалым сөз мағыналарын сөз еткенде олардың мағыналарының құбылу үдерісіне де тоқталады. Мысалы, *аға* сөзінің негізгі мағынасы «жасы үлкен ер адам» деген туыстық атауын білдіру екендігі дау туғызбайды, ал бұл сөз ертеректе «белгілі топтың, әскердің, ауылдың, қостың, үй-ішінің т.б. басы, басшысы» деген ауыспалы мағынасы кездесетінін, әлеуметтік қосалқы ат – титул ретінде қолданылғандығын тілдік деректермен дәлелдейді (Сыздықова, 1994: 172).

Сөз мағыналарында үнемі болып отыратын «жылжулар» тілдік құбылысы тікелей қоғам дамуымен, ондағы болып жатқан өзгерістермен бірге өзгеріске түсетін құбылыс болып табылады. Осыған байланысты сөз мағынасының эволюциясы жайында ғалым Р. Сыздық былай дейді: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен бірге сөз мағынасының күнгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, тарылуы т.с.с. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады» (Сыздықова, 1994: 165).

Профессор Р. Сыздықтың сөздер тарихына, олардың қолданылу тарихына қатысты айтқан тұжырымдары дәлелді. Ғалымның тарихи лексикологияға қатысты еңбектерінің өзі арнайы қарастыруды қажет ететін мәселе. Ғалымның айтқан ілімдерін сөздің тарихы,

сөздің шығу төркіні, қолданылу тарихы мәселелерін зерттеу барысында негіз ретінде қолдануға болады. Осы негізге сүйене отырып, қазақ тілінде көптеген сөз мағыналарындағы «жылжуларды» кездестіруге болады. Мысалы, қазіргі тіліміздегі «азамат», «жігіт» сөздері ертеректе тек әскери атаулар мағыналарында қолданылса, «қарындас», «байтақ», «тоғыз», «жайсаң» сөздерінің мағыналары тарылу, кеңею сияқты тілдік құбылыстарға ұшыраған, ал «боғжама», «жансыз», «жамбыл» сияқты сөздер тілдік қолданыстан шыққан сөздер қатарына жатады. Сонымен бірге, «зекет», «ноян», «дабыл» т.б. сөздері бір кездері ескілікті сөздер қатарынан саналса, қазіргі таңда аталған сөздер тілдік қолданысқа жаңа сөздер ретінде қайта оралып жатыр. Ғалым бұндай тілдік құбылысты тілдің үнемі даму үстінде болатынын, тіл мен қоғам дамуының тікелей байланыстылығынан сөз мағынасы да үнемі өзгеріске түсіп отыратынын дәлелдейді.

Батырлар жыры, лиро-эпостар сияқты өте мол ауыз әдебиеті үлгілерінде XV-XIX ғасырларда жасап өткен ақын-жыраулар мен шешендердің өлең-толғауларында, нақыл сөздерінде, мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестер құрамында, қос сөздердің сыңарларында ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа таралып бүгінгі бізге жеткен лексикалық ескіліктер бар. Ол ескі бірліктер көне сөздер (архаизмдер), ескірген сөздер (историзмдер), ұмыт бола бастаған сөздер («күні кешегі» реалийлердің атаулары) болып ажыратылады. Олар қазіргі қазақ тілінің сөздік қазынасын толтырып тұрған сандық байлық емес, халқымыздың өте ертедегі, орта ғасырдағы, күні кешегі XVII-XX ғасырлардағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани дүниесінен хабар беретін тарихи мұра. Талданып, танытылып отырған көне, ескі, ескірген сөздер мен сөз тіркестері – тарихымыздың кешегісін бүгінгіге жалғастырған көпір. Атап айтқанда, бүгінгі қазақ халқын құраған ру-тайпалары бір кездерде қай жұрттармен одақтас, қоныстас, аралас-құралас болды, елін-жұртын қалай қорғады, не киді, не жеді, не ішті дегендей сауалдарға көне, ескі сөздер жауап береді. Жырларда және XIX ғасыр ақындары Махамбет, Мұрат, Шернияздарда жиі кездесетін *сой* сөзі, әскери басшы мағынасында жиі қолданылған *аға* сөзі, *мұз қатты* дегенді *мұз тоңды* деу, «өзен» мағынасындағы *су* сөзі ілгергі орта ғасырларда оғыз, қыпшақ ру-тайпаларының іргелес, аралас-құралас өмір кешкендіктерінен хабар береді. Тіпті одан әрі барсақ, өте-өте көне замандардағы бабаларымыз «шақыру» мағынасында оқу сөзін (жылан уын оқып шығару), «сиқыр, алдап-арбау» мағынасында аб/аби сөзін (әбжылан дегендегі), «толқын»

мағынасында қом (қоғалы көлдер, қом сулар), «ақ» мағынасындағы шал (шал сақал), «ел, жұрт, халық» мағынасындағы күн (елім, күнім, Кәрібоз - «Ер Тарғын» жырында) сөздерін қолданғанын, яғни тіліміз өте-өте ертеден келе жатқандығын танытады. Ал «ұрыс, соғыс» мағынасындағы ала (ала балта, ала ту, ала берен), «бас» мағынасындағы толағай, «ақылшы, ұстаз» мағынасындағы сұрқылтай, «көлік» мағынасындағы ұлақ (ат-ұлақ) сияқты сөздер монғол тілдерімен ортақтығы («алтай теориясы») немесе орта ғасырлардағы найман, қоңырат, қыпшақ, жалайыр сияқты түрлі тайпа одақтарының монғол тайпаларымен іргелес, ауыс-түйістес, қарсылас (соғысып келгені), одақтас болып келгенінен хабар берсе керек.

Р. Сыздық «ескірген» деп терминдеген историзмдер «күні кешегі» - XVII-XIX, тіпті XX ғасырдың әр кезеңдеріндегі қазақ халқының әлеуметтік-әкімшілік құрылымынан, сауда-саттық, алыс-беріс сияқты экономикалық қатынастарынан өте айқын, бұлтартпас тілдік фактілер болатынын ұсынады (Сыздық, 2009). Лексикалық ескіліктерді білу үшін ғалым Р. Сыздық тапжылмай жинау, теру, талдау жұмыстарын атқарды. Ал бұл жұмыстың қаншама дәлелді деректері соншама қиындықтармен келген. Осы туралы ғалым Ә. Өтеулі былай дейді: «Сол «өлі сөздер» деп отырғанымыз, біздіңше, автордың «Сөздер сөйлейдісіндегі»: айпара, алапа, алқалау, арай, ару, аса жұрт, асра жұрт, астана жұрт, жам жосын, керік, көдіре, кіріш, қайдақ, қарашы, қаттану, қылшан, қыналы, жиырлы, сақетер, сақсыр, толағай, түлей, үдерім, - тағы да осы сияқты жеке, тіпті, тіркесе айтылғанда да оқушы түгіл біраз тілші ұстаздарға да кейде жартылай, көбіне тұтастай түсініксіз сөздер. Мысалы, «айпара» деген сөз – «айқара» деп айта салу оңай, оны дәлелдеу, айтқаныңа, жазғаныңа өзгелерді сендіру қиын. Білімді ғалым Р. Сыздық жоғарыда айтылған сөздердің мағыналық-түсінік кілтін көркем әдеби шығармалардың, аңыз-әңгіме, лиро-эпостық жырлар, мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестер мәтіндерінен және түрліше сөздіктерден, түрліше ғылыми еңбектерден, «Бес ғасыр жырлайдыдан» ерінбей іздеп тапқан» (Сыздық, 2004: 33). Қазақ тіл білімінде осы ізбен тілдегі лексикалық ескіліктерді әр қырынан зерттеу барысында олардың толық түсіндірме сөздіктері жасалды: Р. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді», Ә. Нұрмағамбетовтің «Сөз сырына саяхат», «Қос сөздердің құпиясы». Сондай-ақ, тарихи лексикологиялық, сөздің құпия мағыналарын ашу сияқты ғылыми жұмыстар қатарына филология ғылымдарының докторлары Ә. Нұрмағамбетұлының «Жер-судың аты тарихтың хаты»

(1994), Е. Керімбаевтың «Атаулар сыры» (1994), Ә.Әбіласанның «Көне сөздер құпиясы» (1993), ф.ғ. к. Ә. Жақыповтың «Байырғы атаулар айтқан сыр» (1993) еңбектерін атауға болады. Бұл еңбектерде академик Р. Сыздықтың «өлі сөзді» тірілту – сөз төркінін түптеу, сөз жұмбағын шешу, сөз құпиясын шешудегі іздену әдістері, анализ-синтез жасаудағы ұстанымдары, ықпалы басым. Ғалым қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясында қолға алатын үлкен шаруаның бірі – фольклор тілінің сөздігін жасау екендігін мақсат етеді.

Ғалым Р. Сыздық «Тарихи лексикология» қысқаша очеркінің үшінші параграфында кейбір сөздердің тіркес құрамында келген көне мағыналарына қарай орын алатындығын *ала* сөзін талдау арқылы түсіндіреді. Қазіргі түркі тілдері сөздіктерінің барлығында бұл сөздің негізгі мағынасы «біркелкі емес, әр түсті», одан ауысқан мағынасы «келіспеушілік, ала-құлалық», одан да әрі ауысқан мағынасы «жасырын ой, бүкпе», «әділетсіздік» дегендер көрсетілген. «Тегіс емес, біркелкі емес, анық емес» және «бейберекеттік, ала-сапырандық» деген ауыспалы мағыналары «ала-құлалық» деген түпкі мағынаға негізделеді. Бұл мағыналары қазақ тіліндегі *ала көлеңке, алагеуім, ала көбеде, алаң-елеңде, елең-алаңда, алағаншық боран, алажаулы бұлт, алақанат, алашабыр жер, аласабыр шер, ала құйын*, қырғыз тіліндегі *ала шабыраң, алашалбырт* («көктемнің ерте кезі, аласабыр шақ»), *алағанчық чыбырғақ, алабарман, аладүн*, татар тіліндегі *ала қар* («ерте көктемдегі бір жерде еріп, бір жерде сақталған қар»), ұйғыр тіліндегі *күн ала қашқа болғанда* («алагеуімде»), *алатайин* («күманды, белгісіз») деген сөздерде көрінеді. Ғалым Р. Сыздық қазақ тілінде *ала* элементінің бұл аталған мағыналарынан басқа тағы бір тұсы бар екенін мына мысалдармен береді: *ала балта, ала ту, ала сүргін, ала қырғын, аламан, аласат, алапат, алаула* – сөздеріндегі *ала* компонентінде «шабуылдау, талан-таражға салу, ұрыс, соғыс» идеясы бар және бұл іс-әрекет көпшілікке (топқа, отрядқа, әскерге т.т.) қатысты болып келетін реңкті қамтиды: *алапай-талапай, алапат, ала сүргін, ала қырғын, ала шапқын* дегендер не көпшілік басына түсетін, не көпшілік тарапынан жасалатын іс-әрекеттерді білдіреді (Сыздық, 2004: 206-207).

Бүгінгі әр алуан жазба әдебиетте, әсіресе тарихқа, этнографияға, әдебиеттануға арналған жұмыстарда, көркем әдебиет үлгілерінде, тіпті, газет-журналдарда, көпшілік қолды ғылыми еңбектерде кездесетін бейтаныстау, яғни мағынасын тап басып айту қиындау соғатын жеке сөздер мен сөз тіркестерінің барлығын ескілік деп тануға болмайды. Олардың бірқатары автордың өзі жасаған немесе сирек қолданылатын,

ұмыт бола бастаған сөздерді «тірілткен» тұлғалар болуы мүмкін, я болмаса зерттелмеген жергілікті сөз болуы ықтимал екендігін зерттеу еңбектеріне басты мақсат тұтады. Ауыз әдебиеті үлгілері, жазба мұралар мәтіндеріне белгілі мәтінтанулық жұмыс жүргізілмей келеді. Жарық көрген басылымдарда орфографиялық қателер бар. Мұндай сөздердің қате жазылуы оның көне-жаңалығын, мағынасының дұрыстығын тануда үлкен зиян келтіреді. Мысалы, *қалың қыпшақ бүледі* дегеннің *бүлінеді, бөлінеді* деп жазылуы; *күнді бұлт құрсайды, күн жауарға ұқсайды* дегеннің *бұлт қоршайды* деп жазылуы көрсетілген сөздердің сыртқы тұлғасын ғана емес, мағынасын өзгертіп тұр: *бүлу-бүліну, бөліну* дегендердің үшеуі үш түрлі мағынадағы бірліктер, сол сияқты *қоршау мен құрсау* сөздерінің түбірлері бір болуы мүмкін: құр - «бел», қоршау да, құрсау да «орап алу», яғни «бүркеу», бірақ біреуі - көне тұлға (құр), екіншісі – оның өзгерген түрі (қор). Өлең-жырлардағы ескіліктердің көбі белгілі бір тіркесте келеді де көбінесе заттың, құбылыстың бір белгісін білдіретін тұрақты эпитет болып табылады: ауыр жұрт, ауыр қол, ауыр әскер, ереуіл ат, қом су, толғамалы ақ сүңгі, толғамалы ала балта дегендегі курсивпен көрсетілген көне, ескі тұлғалар көбінесе образ жасайтын бейнелі сөз болуға бейім тұрады. Сондықтан көбінесе олар стереотип (кәнігі, қалыпты) қолданыстар тобын құрайды (*буырқанып-бұрсанып, мұздай темір құрсанып, қу толағай бастану, қағанағы қарық, сағанағы сарық*). Қос сөз құрамында келетін ескі сөз, яғни қос сөздің бір сыңары, не бөгде тілдік сөз, не көне түркі сөзі болады (некен-саяқ, бала-шаға, шал-шауқын, қыз-қырқын). Қос сөз құрамының бір сыңарының не көне, не бөгде тілдік тұлға екенін бүгінгі қазақтар сезе де бермейді, ол сөздің жеке тұрғандағы мағынасы қандай деп іздеп те жатпайды, өйткені айтушы ол сөзді бір мағынадағы бір сөз деп қабылдайды, сондықтан әрбіреуінің жеке-жеке мағынасын іздемейді, өйткені қос сөздің жалпы мағынасы түсінікті.

Ескіліктердің бір алуаны өзге тілдік болып келеді, бірақ оның жырлардағы, мақал-мәтелдердегі мағынасы бүгінгісінен өзгеше болады. Мысалы, парсы тілінен ертеректе енген майдан сөзінің осы тілдегі «көкмайса», «көк орай шалғын» деген бір мағынасы жырларда жиі қолданылған (қонар болсаң, жануар, міне майдан, міне саз; бұндағы майдан парсыша «көкмайса алаң», саз да осы мағынадағы түркі сөзі); сұм, сұмырай сөздері қазақ жырларында «бақытсыз, сорлы» деген мағынада келеді.

Н. Қошанова. Академик Р. Сыздық және тарихи лексикология мәселелері.

Қорыта айтқанда, ғалымның ақын-жыраулар тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамындағы көне сөздердің байырғы мағыналары ашылып, олардың семантикалық иірімдері сараланған «Сөздер сөйлейді» (1980, 1994) деген еңбегі қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәнінің тарихи лексикология тақырыптары бойынша қажетті оқу құралы болып табылады (Салқынбай, 2005: 6-7). Ғалым бұл кітапқа еңбегінің көп сінгенін жазады. Кітапта қазіргі тіліміздегі бастапқы мағынасы күңгірттенген немесе мүлде ұмытылған, тарихи тұрғыдан түркі-моңғол, түркі-иран тілдеріне ортақ сөздердің әуелгі мәні анықталып, олардың түп төркінін анықтаудың жолдары мен тәсілдері, шарттары айқындалады. Сөздердің көпмағыналылығы, тарихи кезеңдердегі тұлғалық және мағыналық өзгерістері ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Сыздық Р. (2004). *Сөздер сөйлейді* (сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. -Алматы: «Арыс», - 230 б.
- Сыздықова Р. (1994). *Сөздер сөйлейді*. – Алматы: «Санат», –190 б.
- Сыздық Р. (2009). *Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар*. Алматы: «Арыс», -268 б.
- Салқынбай А.Б. (2005) *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*. –Алматы: «Қазақ университеті», 2005

Özet

R. Sızdık, kelimelerin tarihini, güzelliğini ve kullanım kültürünü keşfeden ve derin araştırmalar yapan büyük bir bilim adamıdır. Kelimenin özünü açıklamak, eski yazılardaki kelimelerinin nasıl kullanıldığını açıklamak çok büyük bir sorumluluğu ve sabırlı olmayı gerektirir. R. Sızdık, bu gibi zorlukların olacağına farkında olarak dil tarihini araştırmaya çalışan bir bilim adamıydı. «Kazak Edebi Dilinin Tarihi (XV.-XIX. yüzyıllar)» adlı çalışmasında yüzyıllık tarih var, milyonlarca insanlara hizmet etmiştir, devlet statüsüne sahip olan Kazak Türkçesi gibi büyük bir lehçenin beş yüzyıllık tarihini tanıtmak için, onun belli aşamalardaki durumunu karakterize etmesi, ayrı anıtların dilini incelemesi, fonksiyonel stillerin bulunması, oluşumun incelenmesi, ayrı şair ve yazarların katkısı ile hizmet etmesi gibi çalışmalardan başlayarak edebi dilin işaretleri ile hizmetinin açıklaması, gelişme aşamalarına ayırması, her aşamadaki gelişme esasları ile yöntemlerini analiz etmesi gibi çok fazla sorunu çözmeye çabaladı. Bu makalede R. Sızdık'ın tarihi leksikoloji alanında yaptığı çalışmaları incelenmektedir.

Anahtar kelimeler: R. Sızdık, kelime tarihi, dil kültürü, tarihi leksikoloji, milli adlandırmaların anlamı.

(Koşanova N., Akademik R. Sızdık ve Tarihi Leksikoloji Sorunları)

Резюме

Р. Сыздык – крупный ученый, исследовавшая и глубоко анализирувавшая историю слова, красоту и культуру использования слов. Раскрытие сущности слова, определение использования слов в древних писаниях требует внимательности и терпения. Ученый приступила к исследованию истории слова несмотря на такие трудности. В своем труде «История казахского литературного языка (XV-XIX вв.)» она приложила огромные усилия решению множества проблем языка, такие как описание состояния языка в определенный период, анализ языка письменных памятников, исследование возникновения и формирования функциональных стилей, показание доли и функций персональных поэтов и писателей, выяснение признаков и функций литературного языка, периодизация этапов развития, анализ принципов и направления развития языка в каждом периоде, для того, чтобы показать целую пятивековую историю крупного языка как казахский язык, который имеет многовековую историю, на котором говорят миллионы людей и имеющий государственный статус. В статье рассматриваются труды ученого Р.Сыздык по исторической лексикологии.

Ключевые слова: Р.Сыздык, история слова, культура слова, историческая лексикология, значение национальных названий/имен и когнитивный характер.
(Кошанова Н. Академик Р. Сыздык и проблемы исторической лексикологии)